

Алматы қаласы құрамдас бөлігінің атауы туралы

Бірлескен Алматы қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 15 ақпандағы № 1/114 қаулысы және V сайланған Алматы қаласы мәслихатының XIII сессиясының 2013 жылғы 15 ақпандағы № 95 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2013 жылғы 26 наурызда № 973 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 13 бабы 1 тармағының 4 тармақшасына сәйкес тиісті аумақ халқының пікірін ескеріп және Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 22 сәуірдегі № 3469 «Алматы қаласының шекарасын өзгерту туралы» Жарлығына сәйкес, бірлесіп, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ** және бесінші сайланған Алматы қаласының мәслихаты

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. Алматы қаласының шекарасына қосылған Алатау кентінің аумағы Алатау шағынауданы болып аталсын.

2. Алматы қаласы мәслихатының аппараты нормативтік құқықтық актіні Алматы қаласының әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткізсін.

3. Осы нормативтік-құқықтық актінің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының әлеуметтік мәселелер және қоғамдық келісім жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы И.И. Лиге және Алматы қаласы әкімінің орынбасары С.Т. Сейдумановқа жүктелсін.

4. Осы нормативтік құқықтық акті әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

А. Есімов

V сайланған Алматы қаласы мәслихатының

XIII сессиясының төрағасы

А. Мұсабаева

V сайланған Алматы қаласы

мәслихатының хатшысы

Т. Мұқашев

Келісілді:

әкімінің орынбасары

С. Сейдуманов

А л м а т ы қ а л а с ы

аппаратының басшысы

Б. Сауранбаев

А л м а т ы қ а л а с ы ә к і м і

А л м а т ы қ а л а с ы
Медеу ауданының әкімі С. Мәкежанов
А л м а т ы қ а л а с ы ә к і м і а п п а р а т ы
заң бөлімінің меңгерушісі А. Қасымова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК